



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

$$v_A = \sqrt{\dot{x}_A^2 + \dot{y}_A^2} = \sqrt{v_0^2 \cos^2 \beta + \frac{v_0^2 \sin^2 2\beta}{\cos^2 \beta} - 2v_0^2 \sin 2\beta \cdot \tan \beta + v_0^2 \sin^2 \beta} = v_0 \sqrt{1 + \frac{\sin^2 2\beta}{\cos^2 \beta}} \quad (15)$$

Для оценки силы давления падающего потока сыпучего груза на ленту конвейера, может быть использована выражение (2)

$$P \approx Q \cdot v_A / g,$$

где Q - весовая производительность системы перегрузки сыпучего материала,
 v_0 - скорость падения материала на ленту конвейера.

Сила нормального давления на поверхность ленты в месте падения на него потока сыпучего груза, определяется согласно выражения

$$N \approx \frac{P}{hB} \quad (16)$$

где h - средняя толщина потока сыпучего груза сходящего с перегрузочного устройства,

$B \approx \frac{2h}{\tan \varphi_0}$ - ширина потока сыпучего материала, сходящего с перегрузочного устройства.

φ_0 - угол внутреннего трения сыпучего материала.

Таким образом, найдены скорость падения частицы перевозимого материала на ленту конвейера (15) и сила нормального давления на поверхность ленты в месте падения на него потока сыпучего груза.(16)

Литература

- 1.Зенков Р.Л.Механика насыпных грузов (основания расчета погрузочно- разгрузочных и транспортных устройств). Машиностроение, М 1961г.
- 2 Спивановский А.О, Дьяков В.К Транспортные машины. Машиностроение, М 1983 г.
- 3 Иванченко Ф.К и др. Расчеты грузоподъемных и транспортирующих машин. Вища школа .Киев , 1975г.
- 4 А.Б Бобеев., М.И Арпабеков, Б. Кульджабеков) «Устойчивость нелинейных колебаний конвейерной ленты при взаимодействии с роlikоопорами.». ,Материалы межд. конф. «Теоретические и экспериментальные исследования строительных конструкций». Алматы.ЗАО КазГАСА. 2005г.с.153-154.
- 5 М.И.Арпабеков, А.Б. Бобеев, Б. Кульджабеков. «Оптимизация параметров загрузочных устройств центрирующим лотком». Научный журнал МОиН РК Ізденіс (Поиск) .№3/2006г.с.316-318.

ӘОЖ 546.178

КӨЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ЛОГИСТИКАЛЫҚ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Ешімбай Ербол Серікұлы

erbol_eshimbaev@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Тасымалдау, жол қозғалысын ұйымдастыру және көлікті пайдалану» кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Т.Б.Сулейменов

Егемен алған жылдардан кейінгі жылдар ішінде жаһандағы дамыған мемлекеттердің экономика саласында айтарлықтай өзгерістер белең алып, аталмыш өзгерістер Қазақстанға да әсер етпей қоймады. Бұл кәсіпорындар мен фирмалардың шаруашылық тәжірибесіне

көлік пен материалдық-техникалық қамтамасыз ету тұжырымдамасы мен информатика және коммуникация саласындағы жаңашыл техникалардың дамуына негізделген тауар жеткізудің жаңа әдістері, сондай-ақ технологиялардың енгізілуімен түсіндіріледі. Өткен ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап кәсіпорын мен көлік арасындағы байланыс нығая түсіп, «өндіріс – көлік – тарату» бірыңғай жүйесінің бір тармағына айналғандығын анық аңғаруға болады. Логистикалық тізбектің негізгі басымдығы ретінде көлікке деген жаңа көзқарас - оны түрлі аспектілерде қарастыру мүмкіндігін тудырып отыр. Көлік кәсіпорындары мен ұйымдардың коммерциялық әрі өндірістік жұмысы ең алдымен көлік қызметінің барлық түрлері бойынша қоғам қажеттіліктерін талдау, сараптау және қанағаттандыруға бағытталуы тиіс.

Бұрнағы күндері көлік кәсіпорындарының көбі басқа қызмет түрлерін елемей-ақ, тек тасымалдау қызметін көрсеткен болатын. Бұл елдегі басқарудың әкімшілік-бақылау жүйесіне, бәсекелестік пен нарықтық қарым-қатынастың болмауымен түсіндіріледі. Жаңа экономикалық жағдай, көлік қызметі нарығының қалыптасуы, көлік кәсіпорындары арасындағы бәсекелестіктің пайда болуы мен одан әрі нығайуы нарықтық экономикасы дамыған елдердегі көлік жұмысының тәжірибесін белсенді зерттеуге жол ашты. Ендігі кезекте «көлік қызметі» ұғымы көлік қызметін ұйымдастыру және жоспарлау тәжірибесінде кеңінен қолданыс табатын болады.



Сурет 1– Тасымалдау көлемінің диаграммасы

Қызмет көрсету ұғымына - материя қалыптары мен табиғат құбылыстарындағы өзгерістер мен қайта қалыптасу үрдістеріне байланысты емес әрі қоғамдық шаруашылықтың түрлі салаларындағы еңбектің ерекше тұтыну бағасын сипаттайтын еңбектің барлық түрлері саяды (мәселен, көлік, байланыс). Қызмет көрсету бойынша жұмыс ерекшеліктері келесі қағидаларға негізделеді:

- көрсетілетін қызмет олардың көрсетілу үрдісінен тыс жерде ұсыныла алмайды (яғни, олар қорға жинала алмайды);
- қызметтерді сату — бұл еңбек үрдісін сатумен тепе-тең, сондықтан қызмет көрсету сапасы еңбек үрдісінің сапасымен анықталады;
- қызметтердің нақты тұтыну құны тек белгілі бір уақытта және нақты орында немесе бағытта белгіленеді;
- көлік қызметі материалдық өндіріс үрдісін аяқтау және/немесе алдын алу қызметтеріне жатады.

Көлік қызметі адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталып, қажетті технологиялық, экономикалық, информациялық, құқықтық және ресурстық қамтамасыз ету қажеттілігінің болуымен сипатталады. Көлік қызметі ұғымына тек жүк немесе жолаушылар тасымалы ғана емес, сонымен қатар тасымалдау үрдісінің құрамына кірмейтін, бірақ оған дайындық пен жүзеге асырылуына тікелей байланысты операциялар жатады.



Сурет 2– Логистикалық операторлардың бақылау нысандары

Көлік қызметіне төмендегілерді жатқызуға болады:

- жүк және жолаушылар тасымалы;
- жүк тиеу-жүк түсіру жұмыстары (жүк тиеу, жүк түсіру, қайта тиеу, жолаушыларды орындарын ауыстырып отырғызу, қойма ішілік операциялар);
- жүкті сақтау;
- тасымалдау құралдарын дайындау;
- жалға алу шарттары бойынша тасымалдау құралдарын ұсыну;
- жаңа және жөнделген көлік құралдарын айдау (жеткізіп беру);
- тағы басқа қызметтер.

Отандық және шетелдік тәжірибені сараптай келе, көлік қызметінің келесі классификациясын ұсынуға болады:

- көлік кәсіпорындарының негізгі қызметтерімен байланыс сипатына қарай қызметтер тасымалдау және тасымалдау емес болып жіктеледі;
- қызмет көрсетілетін тұтынушының түріне қарай, — сыртқы (көліктік емес кәсіпорындар мен ұйымдарға қызмет көрсету) және ішкі (көлік кәсіпорындар мен ұйымдарға қызмет көрсету). Мәселен, автокөліктік кәсіпорынның экспедиторлық кәсіпорынға тасымал үшін қозғалмалы құрамды ұсынуы ішкі қызмет көрсету болып табылады;
- белгілі бір қызметті көрсетуге байланысты жұмыс сипаты бойынша, - технологиялық, коммерциялық, ақпараттық т.с.с.

Логистикалық (оның ішінде көліктік) қызметтер келесі қағидалар мен ережелерге негізделеді:

- әрбір көрсетілетін қызмет алушыға бірегей;
- соңында көрсетілген қызметтен бар қалатыны — ақпаратқа қатысты түйсік;
- қызмет (немесе оның бір бөлігі) рециклденбейді;
- көрсетілген қызметті қайта жөндеуге болмайды;
- көрсетілген қызмет қайта көрсету мүмкін емес;
- жақсы көрсетілген қызмет тез ұмытылуы мүмкін, ал нашар көрсетілген қызмет — көпке дейін есте сақталуы мүмкін.

Соңғы кездері логистикалық қызметтердің қызметтер индустриясы мен компаниялар және қызметкерлердің санын қоса есептегенде, маңыздылығы күн санап артып, кеңейіп келеді. Логистикалық делдалдар тобы көрсетілетін қызмет тауардың өтуіне тікелей байланысты сервистің кәсіпорны атанады, сәйкесінше көрсетілетін қызмет құны өндіріске жұмсалған қаражаттан асып түсуі әбден мүмкін екендігін айта кеткен жөн.

Қызмет көрсету сферасының жұмысы клиенттердің талаптарын мүмкін болса аз шығындану арқылы да толығымен қанағаттандыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Алайда күні бүгін олардың ерекшеліктеріне байланысты қызмет сапасын бағалауға арналған кеңінен қолданылатын тиімді әдістер жоқтың қасы, бұл төмендегідей жағдайға саяды:

- сезілмейтін қызмет (ұсынылатын қызметті ұстап көру мүмкін емес); қызметті

тұтынушы көбінесе қызмет көрсету үрдісіне өзі қатысады;

-қызметті тұтынушы аталмыш қызметтердің иесі атанбайды;

-қызмет көрсету — бұл үрдіс, оны төлем енгізу алдында тестілеуден өткізу мүмкін емес;

-қызмет көрсету үрдісі кішігірім іс-әрекеттерден құралуы мүмкін, бұл жағдайда қызмет сапасы оның қорытынды бағасына тәуелді болмақ.

Ұсынылатын қызмет сапасын бағалауда келесі маңызды құрамдас бөліктер айрықша маңызды болып табылады.:

- қоршаған орта (интерьер, құрал-жабдықтар, қызметкердің сыртқы келбеті және т.б.);
- сенімділік (мерзімінде орындау);
- жауапкершілік (қызмет көрсетуге берілетін кепілдік, қызметкердің қызмет тұтынушысына көмектесуге ниет білдіруі);
- толықтық (белгілі бір дағдының, қажетті білімнің болуы және қызметкердің біліктілігі);
- қолжетімділік (байланыс орнатудағы жеңілдік);
- қауіпсіздік (қызмет тұтынушысы тарапынан тәуекелдік пен сенімсіздіктің болмауы);
- әдептілік (қызметкердің сыпайылық, биязылық танытуы);
- байланыс орнатуға бейімділік (қызметкердің қызмет тұтынушысымен қолжетімді әрі түсінікті тілде сөйлесу қабілеті);
- өзара түсіністік (қызмет тұтынушысына қатысты шынайы қызығушылық).

Тұтынушы көрсетілген қызметті бағалау кезінде, алған қызмет сапасын болжанған күйімен салыстырады. Егер аталған жағдайда қызмет сапалары сәйкес келсе немесе соған жақын болса, қызмет сапасы қанағаттанарлық немесе келісуге боларлық болып саналады. Клиенттің тұтынушылық болжамы келесі параметрлерге негізделеді:

- сөйлесу арқылы (естіп-білу), яғни қызмет тұтынушыларының қызмет сапасы туралы өзара бір-біріне жеткізетін ақпараттар;
- жеке қажеттіліктер (клиенттің сапа жөніндегі түсінігі мен оның мүддесі);
- тәжірибе, яғни бұрын-соңды көрсетілген ұқсас қызмет;
- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсетін сыртқы коммуникациялар (хабарландырулар): радио, теледидар, пресса.

Соңғы кездерде логистика саласы сервистік ағындарды басқарумен айналысып келеді, өйткені көптеген фирмалар тек дайын өнім шығарумен шектеліп қоймай, сонымен қатар ілесіп қызметтер көрсетуге қауқарлы. Логистикалық тәсіл тек қызмет көрсететін, оның ішінде көліктік қызмет көрсететін кәсіпорындар үшін мақсатты әрі тиімді болып табылады. Көлік қызметіне деген сұраныс көбінесе өңірдегі көлік түрлеріне, олардың бір жүйеге шоғырлануы мен көлік түрлері бойынша бекітілген тарифтерге, сондай-ақ көрсетілетін қызмет сапасы мен сұрыптылығына тәуелді болып келеді. Көлік қызметтерінің маңыздылығы нарықтық экономика мен оның инфрақұрылымының дамуы желісінде айтарлықтай арта түседі және бұл жағдай барлық мемлекеттерге тән.

Нарықтық экономикасы бар елдерде логистиканың ендірілуіне орай көлік саласындағы саясат қайта қарастырылуда. Көлік тауар айналымы жүйесінде басым мағынаға ие. Алдағы уақытта көліктің жекелеген түрлерінің техника-эксплуатациялық ерекшеліктері көлік қызметі нарығында, әсіресе кішігірім жөнелтілімдер тасымалына деген жоғары сұраныс жағдайында сенімді орнын ойып алуын қамтамасыз етеді деп күтіледі. Сәйкесінше, жүктің автоматтандырылған түрде өңделуі, контейнерлендіру мен пакеттеп орау үрдістері және жүк-тасымал жұмыстары саласындағы информатиканың дамуын жылдамдатуға әсер етпек.

Көліктік қызметті ұйымдастыру саласында екі бағыт қарастырылады:

- 1) көрсетілетін қызмет ассортиментінің клиенттің айрықша талаптарына бейімделуі;
- 2) бар қызметтің пайдалы жүзеге асырылуы мақсатында көлік қызметіне деген сұраныстың белсенді қалыптасуы.

Тұтынушылардың алуан түрлі топтарына олардың нақты қажеттіліктеріне сәйкес қызмет көрсетілуі тиіс. Ең бастысы - тұтынушы қажет қызмет түрін, санын және қызмет

сипатын өзі таңдайды.

Қазіргі таңда тасымалдау көлемінің артуы еліміздегі логистикалық жүйесінің дамуына ықпалы зор. Сондықтан логистикалық жүйенің дамуы арқасында біз Елбасымыздың жаңа экономикалық саясаты «Нұрлы жол» бағдарламасының инфрақұрылымдық реформаларын жүзеге асыру міндеттері тұр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Транспортная логистика. Миротин Л.Б. Москва, 2002 ж., 506 б.
2. Основы логистики. Гаджинский А.М. Москва: Издательско-книготорговый центр "Маркетинг", 2001 ж., 180 б.
3. Логистика: учебник. Аникин Б.А. Москва: Проспект, 2007 ж., 408 б.
4. Транспортная логистика в перевозочном процессе. Куанышбаев Ж.М., Сулейменов Т.Н., Арпабеков М.И., Айдикенова Н.К., Адилова Н-Д.У. Астана ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2014 ж., 198 б.
5. Транспортная логистика. Сулейменов Т.Б., Миротин Л.Б., Москва, 1996 г., 230 б.

ӘОЖ 656.132.015 (574-25)

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ №1 АВТОБУС ПАРКІНІҢ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жарасханұлы Жасұлан

zhasulan_tibhar@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Тасымалдау, жол қозғалысын ұйымдастыру және көлікті пайдалану» кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.Н.Нураков

№1 Автобус паркі АҚ Астана қаласының ежелгі және ірі жолаушы кәсіпорны болып табылады. Ол 1974 жылы жолаушыларды тасымалдауға арналған кәсіпорын ретінде құрылды. 12.01.1996 жылы №1 Автобус паркі Ашық Акционерлік қоғамы тіркелген болатын. Ал 2004 жылдың желтоқсанында кәсіпорын қайта тіркелді. Кәсіпорын ерекшелігі оның қалааралық болмаса жақын қалалық аумаққа қатынамай, тек қала ішілік тасымалды қамтамасыз етуінде. Қазіргі уақытта №1 Автобус паркі АҚ № 3, 8, 9, 10, 20, 23, 25, 28, 42, 19, 18,52(экспресс), 53(экспресс), 54(экспресс) бағыттарындағы барлығы 14 қалалық бағыттық автобус қызметін және қоғамдық маңызды бағытта (Астана қаласы мектептеріне оқушылар мен мүгедек оқушылардың тасымалдау) қызмет көрсетеді. Өз жылжымалы құрамында МАН, ЛиАЗ-5292, Хюндай Аэро Сити, DAEWOO сынды барлығы 210 бірлік жайлы автобустар мен 12 бірлік көмекші техникасы бар. [1]

2010 жылы кәсіпорын қолданысына 19 бірлік құрамындағы Хюндай Юниверс маркалы қалааралық жайлы автобустары, ал 2012 жылы қала әкімінің бұйрығымен 21 бірлік Мерседес Интуро маркалы автобустары берілді.

Автобус паркі жоғары сапалы мамандармен қамтылған және инженерлік құрам жоғарғы техникалық білім иегерлері. №1 Автобус паркі АҚ өз оқу орталығы бар. Онда тәжірбиелі ұстаздар жоғары сапалы жүргізушілер мен кондукторлар даярлауда еңбек етуде.

Кәсіпорын қалалық жолаушы тасымалы қызметінің 28% қамтамасыз етеді, төмендегідей құрамда өндірістік базасы бар:

Кәсіпорын аумағы – 6,9 га, оның ішінде:

1. Жылы автобус тұрағы - 19945,2 м²;
2. Жөндеу аймағы - 11770,56 м²;
3. АБК - 2063,5 м²;
4. Көлік жуу - 1253,26 м²;
5. АЗС – 60 м².